

**ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ**  
**НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК**  
**DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES**

**тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings**

**ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ**  
**ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРА**  
**LINGUISTICS AND LITERATURE**

ӘОЖ: 821.512.122.09

**Содиқов Қ.,\* Есболаева И.А., Мадалиева А.Б.**  
филолог.ғ.д., профессор, Ташкент МШУ, Ташкент, Қазақстан  
магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ МУЛЬТИМЕДИА МЕН ИНТЕРНЕТ-  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИГЕРУІ КЕЗІНДЕГІ  
ҚАТЫСЫМДЫҚ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Автор корреспондент: [sadikov\\_1970@mail.ru](mailto:sadikov_1970@mail.ru)

**Түйін:** Мультимедиялық технологиялар оқу процесін байытады, білім беруді қабылдау процесінде оқушының сенсорлық компоненттерінің көп бөлігін қамтып оқуды тиімді етеді.

Бүгінгі таңда мультимедиялық технологиялар - бұл білім беру үдерісін ақпараттандырудың перспективалық бағыттарының бірі. Бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді, материалдық базаны жақсарту, сондай-ақ оқытушылар құрамының міндетті біліктілігін арттыру білім беруде заманауи ақпараттық технологияларды табысты қолданудың болашағы деп санайды.

Мультимедиялық және интернет-технологиялар қуатты үлестірілген білім беру ресурстарын біріктіреді, олар негізінен ақпарат пен коммуникацияны қамтитын негізгі құзыреттіліктің қалыптасуы мен көрінуіне жағдай жасай алады. Мультимедиялық және телекоммуникациялық технологиялар жалпы білім беру жүйесінде қағидалық жаңа әдістемелік тәсілдерді ашады.

Мультимедиа - бұл заманауи техникалық және бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, интерактивті бағдарламалық жасақтаманың басқаруымен визуалды және аудио эффекттердің өзара әрекеттесуі, олар мәтінді, дыбысты, графиканы, фотосуреттерді, бейнені бір цифрлық көріністе біріктіреді.

**Кілт сөздер:** мультимедиа, интернет-технология, байланыс, әдістер, ресурстар, көрнекі, интерактивті, графикалық, мәтін.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуына, қатысымның жаңа құралдарының пайда болуына байланысты педагогикалық қызмет табыстылығы оның қарым-қатынас барысында ғана емес, компьютер арқылы дистантты қарым-қатынас жасау кезінде де өзінің қатысымдық дағдыларын қаншалықты жүзеге асыра алатындығына тәуелді болады, сондықтан тұлғаның қатысымдық дағдыларын қалыптастыру үдерісіне белгілі айырмашылықтарды енгізетін аутентикалық тілдік ортадағы компьютер көмегімен жасалатын қарым-қатынас шеңберінде белгілі шеберліктерді қалыптастыру үдерісін қарастыру өзектілене түседі.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, педагогикалық университеттегі оқытушы ретіндегі жұмыс тәжірибесі, болашақ мұғалімдердің қатысымдық шеберліктерін қалыптастыру проблемаларының жай-күйін талдауды қарастыру бүгінгі өмірдің, тіршіліктің дерлік барлық тараптарын қамтыған, ғылыми-техникалық жаңалықтар мен жетістіктер негізінде жасалған қатысымның жаңа құралдарының пайда болуы болашақ мұғалімдерді даярлау кезіндегі қатысым құралдары диапазонын кеңейтіп қана қоймай, сондай-ақ жоғары мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастырудың және информатикалық пәндер мазмұнын оқу-кәсіби және оқу-қатысымдық жағдаяттарға көшірмелеудің инновациялық түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты электронды білім беру ресурстарын әзірлеу мен пайдалану, қолдану барысында болашақ мұғалімдердегі қатысымдық шеберліктерді қалыптастыруға барынша тиімді мүмкіндіктер ұсынатын ресурстарды айқындау мен дидактикалық алғышарттар мен әдістердің өнімді түрлерін сараптамалық тексеру мәселелері өзектілене түседі.

**Теориялық талдау.** Бұрын жүргізілген зерттеулерде болашақ мұғалімдердің қатысымдық дағдыларын қалыптастырудағы жалпы дидактикалық тәсілдер мен оларды қалыптастырудың (негізінен тілдік пәндерде) әралуан үлгілері, информатикалық пәндерді оқытуды ұйымдастырудағы әдістемелік тәсілдер анықталды; электронды білім беру ресурстарының сипаттамалары анықталды және білім беру тәжірибесінде оларды пайдалану тәсілдері көрсетілді, дегенмен көрсетілген зерттеулерде информатикалық пәндерді қарастыру үшін электронды білім беру ресурстарын қатысымдық шеберліктерді қалыптастыру құралы ретінде пайдалану айқын сипатта қарастырылмайды. Информатикалық пәндер әлеуетін ескере отырып олардың ерекшелігі айқындалмаған, ақпараттық-қатысымдық технологияны, мультимедиа мен интернет технологияларды қарастыру кезіндегі болашақ мұғалімдердің қатысымдық шеберліктерін қалыптастыру құралы ретіндегі электронды білім беру ресурстарын пайдаланудың барабар әдістемесі әзірленбеген, оның компоненттері анықталмаған. Электронды білім беру ресурстарын пайдалану проблемасы бойынша жүргізілген зерттеулердің тұтастай құндылығына қарамастан, тілдік емес және ақпараттық емес бейіндегі болашақ мұғалімдердің өзіндік сипаттағы қатысымдық шеберліктерін қалыптастыру үшін осы ресурстарды пайдалану мәселесі оқыту теориясында жеткілікті зерттелмеген күйінде қалуда.

Зерттеудің тәжірибелік алғышарттарымен қатар, теоретикалық алғышарттары да қалыптастырылды, оларға бірінші кезекте, әралуан елдер арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың күшеюін, заманауи әлемдегі геосаяси және әлеуметтік-мәдени жағдаяттардың өзгеруін, компьютер арқылы қатысым жүргізуге қызығушылықтың артуына алып келетін ақпараттық қоғамның қалыптасуын, екіншіден, АҚТ ендірумен байланысты білім берудегі жаңашылдық аясын кеңейту, компьютер арқылы қатысым жасауға даяр және қатысымдық дағдылар қалыптасуының жоғары деңгейіне ие мұғалімге деген қажеттілікті жатқызуға болады.

Болашақ мұғалімдердің қатысымдық дағдылары қарым-қатынастың үш аспектісіндегі (адамның адаммен тікелей қарым-қатынасындағы вербальды және бейвербальды аспектілер, сондай-ақ «адам-компьютер-адам» диалогын жүргізу) қатысымдық дағдыларды іске асыруды шамалайтын мұғалімдер қарым-қатынасының кәсіби ерекшелігімен байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие және педагогикалық қызмет ету жағдайларында тікелей қарым-қатынаста да, компьютер арқылы қатысым жасау шеңберінде де кәсіби қызмет аясындағы міндеттерді шешу үшін қоғамдық және білім беру ұйымдарымен, балалар ұжымымен және ата-аналармен өзараарекеттестікті тиімді ұйымдастырудағы тұлға қабілетінің жалпы психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, кәсіби, тілдік сапалары жиынтығына негізделген жүйелік-үйлестіруші сипатында көрінеді.

Жоғары оқу орындарында даярлау үдерісінде болашақ мұғалімдердің қатысымдық дағдыларын қалыптастыру үлгісі әдістеме компоненттерінде көрініс тапты (мақсаттар – басты, кезеңдік (қатысымдық шеберліктерді қалыптастырудың нақты кезеңдеріне сай келеді), шұғыл (электронды білім беру қорын пайдалану кезіндегі нақты оқу материалы, оқу-қатысымдық жағдаят шеңберінде қол жеткізіледі), сондай-ақ электронды білім беру қоры әлеуетін барынша пайдалану үшін қалыптастыру үдерісінің әрбір кезеңінде анықталатын мазмұн). Бұл үлгі болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметін ескере отырып, осы дағдыларды қалыптастыру ерекшелігін сипаттайды.

Электронды білім беру ресурстарының білім алушылардың дербес мүмкіндіктеріне бейімделуі, дифференциациялы оқытуды ұйымдастыру осы ресурстардың әдістемелік функцияларына негізделеді; оқу және анықтамалық ақпараттарды әралуан формада алу мүмкіндігі ақпараттық функциямен ұсынылады; оқыту нәтижелерін, жаттығуды, қайталауды, түсіндірудің шектеусіз көлемін ұсынуды, бағыт беруді автоматты түрде бақылауды жүзеге асыру ұғындырушы функцияға негізделеді; әралуан күрделілік деңгейіндегі Желі материалдарын тікелей пайдалана отырып, оқу дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру, Интернеттің аутентикалық дыбыстық мәтіндері негізінде тыңдау дағдысын, Желі материалдарын проблемалық талдау негізінде монологтық және диалогтық сөйлеу дағдыларын, Желі ресурстарының бақылау тапсырмалары мен тесттері базасында жазбаша тіл дағдысын жетілдіру гуманитарлық функцияда құрастырылады; алыстағы субъектімен (объектімен) шынайы уақыттағы қарым-қатынас мүмкіндігі, ақпараттарды шұғыл ұсыну, үдеріс ахуалын ағымдағы бақылау интерактивті функцияларға негізделеді; сабақ барысында проблемалық жағдаяттар құру, студенттерді телеконференциялар, телекоммуникациялық жобалар өткізу кезінде қарастырылып отырған мәселе бойынша альтернативалы көзқарастармен таныстур эвристикалық функцияларға негізделеді; фото, бейне, графика, анимация, дыбыс көмегімен объектілер мен үдерістерді ұсыну, есту, көру және

эмоционалды жадыға ықпал көрсету семиотикалық функцияға негізделеді; білімді меңгеру үдерісін ұйымдастыру, оқу материалын жүйелі және құрылымды түрде ұсыну жүйелеуші функцияға сүйенеді.

Электронды білім беру қорын болашақ мұғалімдердің қатысымдық дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде пайдалану әдістемесі төмендегілерден тұратын кезеңдік үлгіні іске асыруды шамалайды:

- даярлық (теоретикалық) кезеңі (мақсаты – ақпараттық топқа жатқызылатын қатысымдық дағдыларды қалыптастыру: қатысымдық дағдылардың мәні, мұғалімнің кәсіби қызметіндегі оның орны мен рөлі жөніндегі, кәсіби қызметтегі телекоммуникация құралдарын пайдалану жөніндегі негізгі теоретикалық білімдерді меңгеру; компьютер арқылы қарым-қатынас жасау жағдайларында қатысымдық дағдыларды іске асыру және түпнұсқалық немесе компьютер арқылы тілдік қарым-қатынас жасау жағдайларында осы білімдерді алмасу тәсілдерінің ерекшелігі);

- даярлаушы (тәжірибелік) кезең (мақсаты – кәсіби топқа жатқызылатын қатысымдық дағдыларды қалыптастыру: алынған білімдерді өмірден алынған жағдаяттарды талдау кезінде қолдану; педагогикалық міндеттерді шешу үдерісінде рефлексия мен идентификациялауға қабілеттілікті игеру; оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру, эмоционалды қолайлылықты қамтамасыз ету дағдысын, әлеуметтік аттракция және әлеуметтік перцепция дағдыларын, сұрақтарды нақты және айқын тұжырымдау, сондай-ақ оларды мұқият талдастыра отырып, нақты жауаптар алу дағдысын меңгеру; оқытудағы және кәсіби қауымдастықтағы мұғалімдер қарым-қатынасын ұйымдастыру кезінде ақпараттық және қатысымдық технологияларды пайдалану дағдысын игеру);

- қатысымдық дағдыларды қалыптастыру мен дамыту бойынша өз бетінше әрекет жасау кезеңі (мақсаты – бақылау-реттестіру тобына жатқызылатын қатысымдық дағдыларды қалыптастыру: қарым-қатынас үдерісін ұйымдастыру, түзету енгізу, оған жетекшілік жасау, өзара әрекеттестік тиімділігін бағалау, қарым-қатынастың кеңістіктік-уақыттық жағдайларында бағытталу, суырып салушылық дағдыларды игеру; өзін-өзі тәрбиелеу және қатысымдық дағдыларды іске асыру, оның ішінде компьютер арқылы қатынасу жағдайларында да іске асыру тәсілдерін меңгеру).

Бұл үлгінің негізгі мазмұны электронды білім беру қоры қатысымдық дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде көрінетін оқу-қатысымдық жағдаяттар жиынтығында да көрініс табады.

Мультимедиа мен интернет-технологияны игеру кезіндегі ЖОО студенттеріндегі қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған электронды білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесін іске асырудың негізгі дидактикалық алғышарттары келесілер болып табылады:

- оқу-қатысымдық жағдаяттарға бірқатар талаптар қоятын компьютер арқылы қатысым жасау ерекшелігін ескеру;

- студенттер ынтасын (жеке тәжірибені, қалауын, қызығушылығын, және білім алушы бейімдіктерін, эмоционалды-сезімдік саласын, студенттің топтағы мәртебесі мен дүниетанымын), студенттер мүдделерін, қызығушылықтарын көтеруге, қатысушылардың өзін-өзі ашуына, олардың тұлғалық мәнді проблемаларын сезінуіне, эмоционалды жайлылықты қамсыздандыруына, интерактивті қарым-қатынасқа теңқұқылы қатысу үшін психологиялық бөгеттерді жоюға, өзін-өзі біліктендіруі мен сәйкесінше, білім сапасын жоғарылатуына мүмкіндік беретін оқу-қатысымдық жағдаяттар жиынтығын пайдалану;

- талдаудан, өзін-өзі талдаудан, өз іс-әрекетін, өз іс-әрекетіндегі қаланған нәтижеге қол жеткізу тәсілдерінен тұратын білім алушының рефлексивті өзін-өзі бағалау бағытының болуы және студентке қоршаған әлемге өзінің ішкі қатынасын жүзеге асыруына, өзінің жеке таным қызметінің нәтижелерін сезінуіне мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Болашақ мұғалімдердің қатысымдық шеберліктерін қалыптастыру құралы ретіндегі мультимедиа мен интернет-технологияны оқыту барысында электронды білім беру қорын пайдалану әдістемесі алғаш рет әзірленді (нәтижесі пән мазмұнын игеру және өзіндік сипаттағы қатысымдық дағдыларды қалыптастыру болып табылады), бұл аутентикалы тілдік ортадан тұратын ақпараттық мазмұндағы үйлестіру мен пайдаланылатын ЭББҚ түрі мен дидактикалық функцияларына байланысты туындайтын оқу-қатысымдық жағдаяттарды құруды қарастырады; болашақ мұғалімдердің қатысымдық шеберліктерін қалыптастыру құралы ретіндегі мультимедиа мен интернет-технологияны оқыту барысында электронды білім беру қорын пайдалану әдістемесін тиімді іске асырудың дидактикалық шарттары айқындалды; білім беру

тәжірибесінде қажетті және болашақ мұғалімдерде қалыптастырылатын өзіндік сипаттағы қатысымдық дағдылардың мәнділік сипаттамалары ұғымы нақтыланды және болашақ мұғалімдердегі қатысымдық дағдыларды қалыптастыру үдерісінің кезеңдік үлгісі құрастырылды.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік құндылығы әдістемелік қамсыздандыруды әзірлеуден («Мәдени-ағарту қызметіндегі интернет пен мультимедиа-технологиялар» курсының бағдарламасы, мультимедиа мен интернет-технологияларды меңгеру бойынша зертханалық-тәжірибелік жұмыстар сценарийлері мен типтік тапсырмалары, болашақ мұғалімдердің қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған және компьютер арқылы қатысым жасау үшін жағдай жасайтын оқу-қатысымдық жағдаяттар, болашақ мұғалімдердің қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға арналған электронды білім беру ресурстарын пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар) және өзіндік сипаттағы қатысымдық дағдылардың қалыптасу деңгейін жорамалдауға арналған әдістеме кешенінен тұрады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Бурное Н.Г., Лобейко Ю.А. Интернет-технологии в высшей школе: пути развития, необходимость и перспективы: Учебное пособие. Ставрополь: АГРУС, 2004. - 103 с.

2 Гендина Н.И., Колкова Н.И., Стародубова Г.А. Информационная культура личности: диагностика, технология формирования: Учебно-методическое пособие. Часть 1. Кемерово: КемГАКИ, 1999. 143 с.

3 Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информатизация образования - новая учебная дисциплина // Применение новых технологий в образовании: Материалы XVI Международной конференции. - Троицк: МОО ФНТО «Байтик», Изд-во «Тривант», 2005. С. 102-104.

4 Интернет-технологии в образовании: Учебно-методическое пособие. Ч. 3 / Р.Н.Абалуев, Н.Г.Астафьева, Н.И.Баскакова и др. - Тамбов: Изд-во ТГТУ, 2002.-114 с.

5 Колин К.К. Информационные технологии - катализатор развития современного общества // Информационные технологии. 1995. №0. С. 2-7.

6 Кривошеев А. О., Голомидов Г. С., Таран А. Н. Перспективные Internet- технологии информационного обеспечения образовательных услуг // Наука в образовании: Электронное научное издание. 2005.

7 Роберт И.В. О понятийном аппарате информатизации образования // Информатика и образование. 2002. № 12. С. 2-6.

8 Роберт И.В., Козлов О.А. Концепция комплексной, многоуровневой и многопрофильной подготовки кадров информатизации образования // Информатика и образование. 2005. №11. С. 3-9.

9 Советов Б.Я. Информационная технология: Учебник. М.: Высш. школа, 1994.368 с.

10 Электронная энциклопедия «Кругосвет». Режим доступа: [www.krugosvet.ru](http://www.krugosvet.ru).

**Аннотация:** Мультимедийные технологии обогащают процесс обучения, позволяют сделать обучение более эффективным, вовлекая в процесс восприятия учебной информации большинство чувственных компонент обучаемого.

Сегодня мультимедиа-технологии – это одно из перспективных направлений информатизации учебного процесса. В совершенствовании программного и методического обеспечения, материальной базы, а также в обязательном повышении квалификации преподавательского состава видится перспектива успешного применения современных информационных технологий в образовании.

Мультимедиа и интернет-технологии интегрируют в себе мощные распределенные образовательные ресурсы, они могут обеспечить среду формирования и проявления ключевых компетенций, к которым относятся в первую очередь информационная и коммуникативная. Мультимедиа и телекоммуникационные технологии открывают принципиально новые методические подходы в системе общего образования.

Мультимедиа - это взаимодействие визуальных и аудиоэффектов под управлением интерактивного программного обеспечения с использованием современных технических и программных средств, они объединяют текст, звук, графику, фото, видео в одном цифровом представлении.

**Ключевые слова:** мультимедиа, интернет-технология, коммуникация, методы, ресурсы, визуальный, интерактивный, графика, текст.

**Abstract:** Multimedia technologies enrich the learning process, make learning more effective, involving most of the student's sensory components in the process of perceiving educational information.

Today multimedia technologies are one of the promising areas of informatization of the educational process. Improvement of software and methodological support, material base, as well as mandatory advanced training of the teaching staff sees the prospect of successful application of modern information technologies in education.

Multimedia and Internet technologies integrate powerful distributed educational resources; they can provide an environment for the formation and manifestation of key competencies, which primarily include information and communication. Multimedia and telecommunication technologies open up fundamentally new methodological approaches in the general education system.

Multimedia is the interaction of visual and audio effects under the control of interactive software using modern technical and software tools, they combine text, sound, graphics, photos, video in one digital representation.

**Keywords:** multimedia, internet technology, communication, methods, resources, visual, interactive, graphics, text.